

7. Kenzhebekov B.T. *Formirovanie professional'noy kompetentnosti budushchikh spetsialistov v sisteme vysshey shkoly: dis. ... kand. ped. nauk: 13.00.01. – 2005. – 405 s.*
8. Belkina V.N. *Kriterii otsenki predmetnogo prostranstva detskogo sada cherez prizmu detskoй deyatel'nosti / V.N. Belkina, É.V. Shakirova // Vestnik Cherepovetskogo gosudarstvennogo universiteta. Seriya: Pedagogicheskie nauki. 2020. №1. S. 115-123. <https://cyberleninka.ru/article/n/kriterii-otsenki-predmetnogo-prostranstva-detskogo-sada-cherez-prizmu-detskoй-deyatelnosti/viewer>*
9. Shakirova L.V. *Lichnostno-professional'noe razvitie pedagoga v protsesse formirovaniya predmetno-prostranstvennoy sredy doshkol'noy obrazovatel'noy organizatsii. 13.00.01 – Obshchaya pedagogika, istoriya pedagogiki i obrazovaniya (pedagogicheskie nauki). Avtoreferat dissertatsii na soiskanie uchonoй stepeni kandidata pedagogicheskikh nauk. Yaroslavl', 2020. – 23 s.*
10. Derkunskaaya V.A. *Vospitanie i razvitie doshkol'nika kak sub'ekta deyatel'nosti i povedeniya v detskom sadu // Sovremennoe doshkol'noe obrazovanie. Teoriya i praktika. 2019. №1. S. 34-45. <https://sdo-journal.ru/journal/articles/derkunskaaya-v-a-vospitanie-i-razvitie-doshkolnika-kak-subekta-deyatelnosti-i-povedeniya-v-detskom-sa/>*
11. Petrovsky V.A. *K postroeniyu kontseptsii sistemy doshkol'nogo vospitaniya // Obrazovatel'naya politika. 2011. № 4. S. 88-92.*
12. Polyakova M.N. *Kak sdelat' sredu gruppy razvivayushchey: sovery vospitatel'yu // Detskiy sad: teoriya i praktika. 2015. №10. S. 6-19.*
13. Polyakova M.N. *Sozdanie modeley predmetno-razvivayushchey sredy v DOU : metodicheskie rekomendatsii / Nauchnyy redaktor: A.G. Gogoberidze. Sankt-Peterburg : Tsentr pedagogicheskogo obrazovaniya, 2008. 96 s.*
14. Brina Kurent, Stanislav Avsec. *Examining pre-service teachers regulation in distance and traditional preschool design and technology education. Heliyon 9 (2023) e13738.*
15. *Qazaqstan Respublikasynyñ Úkimetiniñ 2021 jylǵy 15 nauryzdagy №137 qaulysymen bekitilgen. Mektepke deyingi tárbiyeleu men oqytudy damytu modeli <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000137>*

МРНТИ 14.35.15

<https://doi.org/10.51889/2959-5762.2025.85.1.018>

А.Н.Турапова,¹  Н.Р.Суранчиева,^{2*}  М.А.Батырбаева,² 
А.Т.Махамбетжанова,²  А.Ж.Еримова³ 

¹М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті, Тараз қ., Қазақстан

²Азаматтық авиация академиясы, Алматы қ., Қазақстан

³Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Түркістан қ., Қазақстан

ӘЛЕУМЕТТІК ЕРІКТІЛІК ҚЫЗМЕТТЕР – БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫҢ ТОЛЕРАНТТЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ҚҰРАЛЫ

Аңдатпа

Мақалада болашақ мамандардың толерантты қарым-қатынасының функционалдық сипаттамаларын беруде толерантты қарым-қатынастың мәні, маңызды қасиеттері, оның жиынтығы және өзегі талданады. Әлеуметтік еріктілік қызметтер болашақ мамандардың толерантты қарым-қатынасын қалыптастыру құралы ретінде болашақ мамандардың жасампаз, өмірлік және кәсіби құндылықтары мен рухани-адамгершілік қасиеттеріне, адамгершілікке, ашықтыққа, төзімділікке негізделген әр түрлі қызмет түрлерінде білім беру процесіне қатысушылармен өзара әрекеттесу жиынтығы мен біртұтас білім түсінігінде сипатталады. Әлемдік зерттеулерге сүйене отырып, еріктіліктің үш түрі еріктілер-менеджерлер, еріктілердің көмекшілері, еріктілер - тікелей көмек ретінде баяндалады. Болашақ мамандардың толерантты қарым-қатынасы – бұл білім беру үдерісінің субъектілерінің өзін-өзі жүзеге асыруын қамтамасыз ететін шығармашылық (өмірлік және кәсіби құндылықтар мен болашақ мамандардың рухани-адамгершілік қасиеттеріне, адамгершілікке, ашықтыққа, төзімділікке негізделген әр түрлі қызмет түрлерінде білім беру үдерісіне қатысушылармен өзара әрекеттесу траекториясы» деп нақтыланады. Болашақ мамандардың толерантты қарым-қатынасын қалыптастырудың компоненттері, өлшемдері мен көрсеткіштері баяндалады.

Эмпирикалық бөлімдегі диагностикалау жұмыстары бойынша 119 респондентке үш деңгейлі сауалнама жүргізіліп, сауалнамадағы әр сұрақ деңгейлерге қарай бөлініп, 4 жауапты мазмұны беріледі. «Еріктілік қызметтер мен толерантты қарым-қатынасқа байланысты» 3 деңгейлі сауалнаманың (жауап нұсқаларымен) сандық нәтижелері көрсетіледі.

Түйін сөздер: әлеуметтік еріктілік қызмет, болашақ маман, толеранттылық, толерантты қарым-қатынас, ашықтық.

Турарова А.Н.,¹  Суранчиева Н.Р.,^{2*}  Батырбаева М.А.,² 
Махамбетжанова А.Т.,²  Еримова А.Ж.³ 

¹Таразский университет им. М.Х.Дулати, г.Тараз, Казахстан

²Академия гражданской авиации, г.Алматы, Казахстан

³Международный казахско-турецкий университет имени Кожы Ахмеда Ясави,
г.Туркестан, Казахстан

СОЦИАЛЬНЫЕ ВОЛОНТЕРСКИЕ УСЛУГИ-ИНСТРУМЕНТ ФОРМИРОВАНИЯ ТОЛЕРАНТНОГО ОТНОШЕНИЯ БУДУЩИХ СПЕЦИАЛИСТОВ

Аннотация

В статье анализируется сущность, важнейшие свойства толерантного общения, его совокупность и ядро в передаче функциональных характеристик толерантного общения будущих специалистов. Социальные волонтерские услуги как средство формирования толерантного отношения будущих специалистов характеризуются в совокупности и целостном понятии знаний взаимодействием с участниками образовательного процесса в различных видах деятельности, основанных на созидательных, жизненных и профессиональных ценностях и духовно-нравственных качествах будущих специалистов, нравственности, открытости, толерантности. Основываясь на мировом исследовании, три типа волонтерства рассказываются как непосредственная помощь волонтерам-менеджерам, помощникам волонтеров, волонтерам. «Толерантное общение будущих специалистов-это траектория взаимодействия с участниками образовательного процесса в различных видах деятельности, основанная на творческих (жизненных и профессиональных ценностях и духовно-нравственных качествах будущих специалистов, нравственности, открытости, толерантности), обеспечивающая самореализацию субъектов образовательного процесса». Излагаются компоненты, критерии и показатели формирования толерантного отношения будущих специалистов.

По диагностической работе в эмпирическом отделе 119 респондентам проводится трехуровневый опрос, каждый вопрос в анкете распределяется по уровням и дается 4 ответственных содержания. Указываются количественные результаты опроса 3 уровня (с вариантами ответов) «В зависимости от волонтерских услуг и толерантного общения».

Ключевые слова: социальная волонтерская деятельность, будущий специалист, толерантность, толерантное общение, открытость.

Turarova A.,¹  Suranchieva N.,^{2*}  Batyrbaeva M.,² 
Makhambetzhanova A.,²  Yerimova A.³ 

¹M.H.Dulati Taraz University, ruTaraz, Kazakhstan

²Civil aviation academy, Almaty, Kazakhstan

³International Kazakh-Turkish University named after Khodja Akhmet Yassawi,
Turkestan, Kazakhstan

SOCIAL VOLUNTEER SERVICES ARE A TOOL FOR FORMING A TOLERANT ATTITUDE OF FUTURE SPECIALISTS

Abstract

The article analyzes the essence, the most important properties of tolerant communication, its totality and the core in conveying the functional characteristics of tolerant communication to future specialists. Social volunteer services as a means of forming a tolerant attitude of future specialists are characterized in the aggregate and holistic concept of knowledge by interaction with participants in the educational process in various types of activities based on creative, vital and professional values and spiritual and moral qualities of future specialists, morality, openness, tolerance. Based on a worldwide study, three types of volunteerism are described as direct assistance to volunteer managers, volunteer assistants, and volunteers. «Tolerant communication of future specialists is a trajectory of interaction with participants in the educational process in various types of activities based on creative (life and professional values and spiritual and moral qualities of future specialists, morality, openness, tolerance), ensuring the self-realization of the subjects of the educational process» The components, criteria and indicators of the formation of a tolerant attitude of future specialists are outlined.

According to the diagnostic work in the empirical department, 119 respondents are given a three-level survey, each question in the questionnaire is divided into levels and 4 responsible contents are given. The quantitative results of a level 3 survey (with multiple choice answers) «Depending on volunteer services and tolerant communication» are indicated.

Keywords: social volunteering, future specialist, tolerance, tolerant communication, openness.

Кіріспе. Болашақ мамандардың толерантты қарым-қатынасының тұтастығы, жеке мәдениет элементтері – оның рухани-адамгершілік құндылықтары мен қасиеттерінің ұштұғырлығы: адамгершілік, болашақ мамандардың толерантты қарым-қатынасы. Толерантты қарым-қатынас жасаудың түпкі қазығы адамгершілік, қиындыққа төзе білу, әрбір тұлғаға көмек беруде, сыйласуда ашық болуды көздейді.

Бұл болашақ мамандарды даярлаудағы толерантты қарым-қатынасының құрылымдық-мазмұндық сипаттамаларын ғана емес, сонымен қатар оның деңгейін анықтау оның іс жүзінде қалай көрінетініне негізделген «...адамгершіліктің шыңы, өйткені онда адамдарға, барлық тіршілікке деген сүйіспеншілік мейірімділікпен, эмпатия қабілетімен, альтруизммен, адамдарға көмектесуге дайын болумен, әр адамның құндылығы мен бірегейлігін, адам өміріне қол сұғылмаушылықты түсінумен, бейбітшілікке, келісімге, тату көршілікке деген ұмтылыспен, барлық адамдарға төзімділік пен мейірімділік таныту қабілетімен» үйлеседі.

Біз ерте педагогикалық ғылымда, қазіргі педагогика мен психологияда, шетелдік психологияда болашақ мамандардың адамгершілігінің көрінісін талдау оның толерантты қарым-қатынасында жұмыс істеуінің әртүрлі сипаттамаларын ашуға мүмкіндік беретінін алға шығарамыз. Сонымен, болашақ мамандардың адамгершілігі баланың жеке басын қалыптастыру үшін өз жауапкершілігін жүзеге асыруға ықпал етеді; айналасына, әріптес-мұғалімге, оқушыларға жеке бақыт сыйлай алады; Болашақ мамандардың кәсіби руханиятының дамуын және білім беру субъектілерінде мейірімділіктің, әдептіліктің, эмпатияның өсуін ынталандырады; педагогтың адамгершілік жетілген тұлғасының адамгершілік принциптері мен мінез-құлық нормаларын бекіту және іске асыру үшін негіз жасайды; оқушыларға адамгершілік өзін-өзі дамыту тәжірибесін табуға; педагог оқушыны қолдап, оның адами мәнін өзінің көзқарасымен нығайта отырып, ондағы ең жақсы, күшті, мейірімді нәрсені ағарта отырып, білім беру процесін тиімді жүзеге асыруға ықпал етуші қызметкер, бұл жайлы бірнеше ғалымдардың еңбектерінде көрініс табады, олар: Я. А. Коменский, В.А.Сухомлинский, Л.С.Выготский, Б.З.Вульф, В.А.Кувакин, Ш.Бюллер, К.Роджерс және т. б.

Болашақ мамандардың толерантты мәдениетіне қатысты зерттеулердің дені авторлардың адамгершілікті кәсіби маңызды сапасы мен құндылығы ретінде қарастыратынын көрсетеді. Белгілі болғандай, болашақ мамандардың адамгершілігі оқушының жеке басын бейімдеу мен әлеуметтендірудің маңызды функцияларын орындайды, оны ұрпақтардың рухани — адамгершілік, әлеуметтік — мәдени мұрасымен таныстырады. «Адамгершілік — бұл адамның жетілмегендігіне қатысты абсолютті кешірім мен қайғыны мойынсұнушылық емес, оған деген белсенді позитивті - сындарлы көзқарас, өзінің және қоршаған ортаның игілігі үшін өзінің шығармашылық потенциалын еркін жүзеге асыру тәсілі» екенін ескере отырып [1], оның толерантты қарым-қатынасының даму функциясын жүзеге асырудағы рөлін бөліп көрсетуге және оны кейіннен өзгерту мақсатында адамға әсер ету, авторитарлық емес, гуманистік сипаттағы педагогикалық әсерді жүзеге асыруға болады. Сондықтан да бүгінгі біздің көтеріп отырған зерттеу мәселемізді анықтаудың өзі әлеуметтік еріктілік қызметтер — болашақ мамандардың толерантты қарым-қатынасын қалыптастыру құралы деп тануға міндеттейді. Бұл ретте зерттеу әдістерін тандау, теориялық және эмпирикалық тұрғыдан негіздеулер мен тиімділігін көрсету біздің бұл мақаламыздың құндылығын арттырады.

Негізгі ережелер. - адамгершілік — бұл адамның жетілмегендігіне қатысты абсолютті кешірім мен қайғыны мойынсұнушылық емес, оған деген белсенді позитивті - сындарлы көзқарас, өзінің және қоршаған ортаның игілігі үшін өзінің шығармашылық потенциалын еркін жүзеге асыру тәсілі»;

- еріктілік қызметтер «гуманизм» және «адамгершілік» түсініктерімен байланысты болғандықтан, «адамгершілік» ұғымы сәйкесінше адамға жоғары құндылық ретінде саналы және жанашырлықпен қарауды білдіретін тұлғаның моральдық-психологиялық қасиеттерінің жиынтығы; «еріктілік» альтруизм философиясына негізделген әлеуметтік қозғалыс. Ынтымақ-

тастық, әділеттілік, альтруизм, инстинкт және адамның адамгершілік сезімі – бұл қарым-қатынасты көрсететін негізгі ұғымдар;

- белгілі бір жағдайларда толерантты қарым-қатынастың құндылықтарын игеру осы құндылықтардың кәсіби деңгейде өмір сүруін қамтамасыз ететін толерантты қарым-қатынастың қалыптасуына ықпал ететіндігінде көрінетін оның құрылымдардың иерархиясы мен тәуелді болып келуі;

- болашақ мамандардың толерантты қарым-қатынасы – бұл білім беру үдерісінің субъектілерінің (оқытушылар, студенттер, оқушылар т.б.) өзін-өзі жүзеге асыруын қамтамасыз ететін шығармашылық (өмірлік және кәсіби) құндылықтар мен болашақ мамандардың рухани-адамгершілік қасиеттеріне, адамгершілікке, ашықтыққа, төзімділікке негізделген әр түрлі қызмет түрлерінде білім беру үдерісіне қатысушылармен өзара әрекеттесу траекториясы»;

- әлеуметтік еріктілік қызметтер негізінде болашақ мамандардың толерантты қарым-қатынасын қалыптастырудың компоненттері, өлшемдері мен көрсеткіштері;

- диагностикалау кезеңінде «Еріктілік қызметтер мен толерантты қарым-қатынасқа байланысты 3 деңгейлі сауалнаманың (жауап нұсқаларымен) сандық нәтижелері.

Материалдар мен әдістер. Әлеуметтік еріктілік қызметтер – болашақ мамандардың толерантты қарым-қатынасын қалыптастыру құралы ретінде талдауда теориялық әдістер: жинақтау, салыстыру, контент-талдау, құрылымдау болса, ал эмпирикалық бөлімде диагностикалау және қалыптастыру әдістері жүзеге асатын болады.

Әлемдік зерттеулерде еріктіліктің үш түрі кездеседі. Біріншісі, *еріктілер-менеджерлер*, бұлар қоғаммен жұмыс істеуге, еріктілерді жалдауға, директорлар кеңесінің жұмысына, кездесулерді ұйымдастыруға және өткізуге көмектесетіндер; екіншісі *еріктілердің көмегішілері*, осындай еріктілер бір адамға байланысты емес, көмекке мұқтаж адамға уақытша қажет болған жағдайда ғана көмектеседі. Көбінесе олар аптасына бір рет жұмыс істейді. Егер олар ұйымда жұмыс істесе, олар тіркеуші, хатшы, телефон операторы, тазалаушы, күзетші, қызметші және т.б. функцияларын орындай алады. Олар үйде жұмыс істей алады, мысалы, хат алмасу, қызметішінің рөлін ойнау, түрлі құжаттарды басып шығару және т.б. үшіншісі, *еріктілер - тікелей көмек* ретінде көрініс табады. Олар «клиент - ерікті» қағидаты бойынша жұмыс істейді, яғни көмекке мұқтаж адаммен бір-бірінен тыс, ешқандай көмексіз жұмыс істейтіндер қатары [3].

Біз, мақалада негізгі ұғымдар «еріктілік», «еріктілік қызметтер», «толерантты қарым-қатынастың» мәнін сипаттауды жөн санаймыз.

Философиялық сөздікте: «еріктілік» альтруизм философиясына негізделген әлеуметтік қозғалыс. *Ынтымақтастық, әділеттілік, альтруизм, инстинкт және адамның адамгершілік сезімі* – бұл қарым-қатынасты көрсететін негізгі ұғымдар ретінде түсіндіріледі [4].

Еріктілік, (лат. волонтерлік - ерікті) – бұл қаржылай сыйақыларды талап етпестен көпшіліктің мүддесі үшін ерікті түрде жүзеге асырылатын өзара көмек пен өзін-өзі қорғаудың дәстүрлі формалары, қызметтерді ресми ұсыну және азаматтық қатысудың нысандары. Қайырымдылық ұйымдарының қызметі көптеген еріктілердің қолдауына мұқтаж. Еріктілік (волонтерлік) қызметті ұйымдастыру үшін, бір жағынан, қайырымдылық ұйымдарында ерікті бос жұмыс орындары құрылу мүмкіндіктері, екінші жағынан, көмекші ұйымдар шеңбері және қайырымдылық қызметіне қатысушылардың ерікті корпусы құрылады. Олар мұқтаж жандардың мүдделері үшін тегін еңбекке қатысуға келіседі. Мұндай бос жұмыс - қайырымдылықтың бір түрі (мұқтаж бенефициарлардың пайдасына - адамдарға, табиғатқа берілетін көмек). Ерікті қызмет түсінігі көбінесе қоғамның игілігі үшін кез-келген пайдалы қызметті белгілейтін «әлеуметтік белсенділік» ұғымдарымен алмастырылады. Еріктілердің қызметі, ең алдымен, өздеріне көмектесе алмайтын мұқтаж жандарға (қарттық, панасыздық, мүгедектік, табиғи апаттар, әлеуметтік апаттар, апаттар) бағытталған [5].

Еріктілік қызметтерді педагогикалық-психологиялық тұрғыдан қарастыратын болсақ, бұл ұғым «гуманизм» және «адамгершілік» түсініктерімен байланысты болғандықтан, «адамгершілік» ұғымы сәйкесінше адамға жоғары құндылық ретінде саналы және жанашырлықпен

қарауды білдіретін тұлғаның моральдық-психологиялық қасиеттерінің жиынтығы болып табылады [6]. Осы орайда еріктілік қызметтер студенттердің толеранттылығын, айналасына қарым-қатынасын қалыптастыруға құрал болады деп тұжырым жасаймыз.

Энциклопедиялық, психологиялық-педагогикалық дереккөздерді талдау «ашықтық» ұғымы бөлек қарастырылмайтынын, бірақ синонимі бар екенін көрсетті – «ашық жүйе», ол «қоршаған ортамен зат алмасуға қабілетті жүйе» ретінде түсіндіріледі...» [7]. Педагогикада ең жалпыланған түрде ашықтық тұлғаның кәсіби маңызды сапасы, әлеуметтік тәжірибені игеру, беру, бөлісу мақсатында білім беру процесіне қатысушылармен өзара әрекеттесудің өнімді тәсілі ретінде түсіндіріледі (Е. В. Бондаревская, А.Б.Добрович, Н.В.Клюева, В.Д.Шадриков, Н.Е.Щуркова және басқалар).

К.Роджерстің пікірінше, тәжірибеге ашықтық жетілген тұлғаның маңызды сипаттамасы болса, онда толерантты қарым-қатынастың құрылымында болашақ мамандардың ашықтығы оның толыққанды өзін-өзі анықтауына, өзін-өзі көрсетуіне, өзін-өзі дамытуына көмегін тигізері анық [8]. Біздің ойымызша, болашақ мамандардың ашықтығы кәсіби деңгейде толерантты қарым-қатынасының әлеуметтендіруші, тәрбиелік, дамытушылық, функциясын орындауға ықпал етеді.

Бүгінде толерантты қарым-қатынас болашақ мамандардың жасампаз (өмірлік және кәсіби) құндылықтары мен рухани-адамгершілік қасиеттеріне, адамгершілікке, ашықтыққа, төзімділікке негізделген әр түрлі қызмет түрлерінде білім беру процесіне қатысушылармен өзара әрекеттесу жиынтығы ретінде көрінсе, онда жүйелік тұрғыдан негізгі ережелері бізге болашақ болашақ мамандардың толерантты қарым-қатынасын біртұтас білім ретінде қарастыруды келесідей маңызды сипаттамалармен береді:

- белгілі бір жағдайларда толерантты қарым-қатынастың құндылықтарын игеру осы құндылықтардың кәсіби деңгейде өмір сүруін қамтамасыз ететін толерантты қарым-қатынастың қалыптасуына ықпал ететіндігінде көрінетін оның құрылымдардың иерархиясы мен тәуелді болып келуі;

- *интегративті қасиеттерімен* сипатталатын білім берудің жүйелілігі – адамгершілік, ашықтық, төзімділік т.б;

- оның әр компонентінің құрылымдық мазмұны «*үйлесімділік*» критерийіне сәйкес келетін және жүйені ұйымдастырудың әртүрлі деңгейлерінде жұмыс істейтін *тұтастық*;

- субъектілердің «*алуан түрлілігі*» жағдайында ғана жұмыс істеу (бұл олардың түбегейлі айырмашылығы-толеранттылықтың шарты, *шыдамдылық, достық қарым-қатынас, эмпатия, басқалардың еркіндігін тану, өзара әрекеттестіктің жасампаз тәсілі үшін жауапкершілік* және т. б. механизмін қосу.);

- болашақ мамандардың білім берудегі басқа да субъектілерімен *шығармашылық құндылықтар мен өмір сүру тәсілдерін игеру, интериоризациялау* және тарату арқылы көрінетін *ашықтық пен көпфункционалдылық*;

- *дамудың өзгергіштігі* және көптеген факторлар мен жағдайлардың анықталуы: кәсіби тәжірибе, *жеке тұлғаның әлеуеті*, оның *психикалық үдерістерінің ерекшеліктері*, қоршаған орта және т. б.;

- жеке тұлғаның, педагогтың және білім беру процесінің басқа да субъектілерінің ішкі және сыртқы жетілдірілуін жұмылдыратын *белсенділік*;

- барлық жерде, өйткені әр түрлі уақыт кезеңіндегі кез-келген субъектілер (оқушы, ата-ана, әкімшілік, әріптес) бола отырып, болашақ мамандардың *толерантты қарым-қатынасының* ықпалында болады;

Педагогикадағы гуманистік идеялардың алғашқы көрінісі жан-жақтылық пен үйлесімділік қағидаларына негізделген теориялық тұжырымдамалары болды. Студенттердегі әлеуметтік еріктілік қызметтердің өзі осы тұжырымдамалардың негізінде жүзеге асуы қажеттігі бар.

Педагогикада адамгершілік ең жалпыланған түрде «...адамгершілік және адамның жеке тұлға ретіндегі құндылығын, оның еркін даму құқығын және қабілеттерінің көрінісін тануға

негізделген дүниетанымды көрсетеді; қоғамдық қатынастарды бағалау критерийі ретінде адамның игілігін растау» деп көрсетіледі [9].

Осылайша, болашақ мамандардың толерантты қарым-қатынасының құрылымындағы өзінің бойындағы адамгершілігі білім беру субъектілерінің жан-жақты, үйлесімді дамуына жол ашады; оқушының жеке өзін-өзі анықтау және өзін-өзі жетілдіру процестерін қамтамасыз етеді; мұғалім мен оқушының бірегей даралығын қалыптастыру үшін жағдай жасайды; мұғалімге кәсіп пен өмірдегі шығармашылық өзін-өзі жүзеге асыруды көрсетуге мүмкіндік береді, бұл олардың толерантты қарым-қатынасының өлшемдерінің мәнін ашады.

Болашақ педагогтің адамгершілігінің көрінісі өзара әрекеттесуге, жаңа тәжірибемен байытуға, оның ашықтығы арқылы жүзеге асырылатын өзін-өзі бейнелеу еркіндігімен байланысты болуы керек.

Білім алушылардың ашықтығының маңызды сипаттамасы – қоғамның нормаларына, ережелеріне, заңдарына (В.А.Мижериков) сәйкес әрекет етудің саналы қажеттілігі ретінде бостандық, басқалармен қарым-қатынастың толерантты формасына (Л.М.Дробизева, Б.Э.Риэрдон және т. б.) – өйткені жалпы көзқарастарға тек білімді адам ғана ашық, содан кейін толерантты мәдениеті бар мұғалім жас ұрпаққа білім беру, игеру және толерантты қарым-қатынастың білім жүйесін, дағдыларын игеру үшін кәсіби жауапкершілікті жүзеге асыра алады, бұл оның әрекет етуімен маңызды болады.

Өлеуметтік еріктілік қызметтер – болашақ мамандардың толерантты қарым-қатынасын қалыптастыру құралы деп тануда профессиографиялық тәсіл шеңберінде қарастыратын болсақ, болашақ мамандардың ашықтығын қарастыру (Л.Ф.Спирин, В.А.Сластенин, Л.И.Фрумкин) оның жеке басының ерекше сипаттамаларын көрсету арқылы: белсенділік, берілгендік, эрудиция, еңбекқорлық, әдептілік, басқаларға деген жауаптылық, ізгі ниет, көпшілдік, өзін-өзі бағалау, басқа адамдардың құрметімен, қарым-қатынасымен, қол жетімділігімен, бастамашылығымен үйлеседі, байсалдылық, төзімділік, мейірімділік, жомарттық, жауапкершілік және басқалар болашақ мамандардың толерантты қарым-қатынасының эмоционалды-ерікті компонентінің мазмұнын анықтауға мүмкіндік береді [10].

«Этика» сөздігі келесі анықтаманы ұсынады: «*толеранттылық* – басқа адамдардың мүдделеріне, сенімдеріне, нанымдарына, әдеттеріне, мінез-құлқына деген көзқарасты сипаттайтын моральдық қасиет, негізінен түсіндіру және сендіру әдістерімен қысым жасамай, гетерогенді мүдделер мен көзқарастарды өзара түсінуге және үйлестіруге ұмтылуда көрінеді» [11].

А.Б.Зимбули, толеранттылық – бұл субъектінің теріс әрекет етуге дайын жағдайдағы ұстамдылығының көрінісі ол үшін моральдық маңызды оқиғалар қажет болады [12].

Педагогикадағы толеранттылықты «қабылдау (түсіну, эмпатия) және шыдамдылық (төзімділік, өзін-өзі бақылау) тетіктерін қолдану арқылы объектіге байсалдылық, сабырлылық, ізгі ниет, сезімталдықтың жоғарылауында көрінетін тұлғаның қасиеттері» ретінде анықтау; әр түрлі педагогикалық жағдайларда өз әрекеттері мен эмоцияларын бақылау қабілеті» [9, 156], болашақ мамандардың толеранттылығын қалыптастыру тетіктері толерантты қарым-қатынастың мәнін терең сипаттайды.

Педагогикалық іс-әрекеттің ерекшелігі, оның адамгершілік бағыты мен құралында көрсетілген, болашақ педагогтің кәсіби толеранттылық саласындағы маңыздылығын ашады, бұл тек толерантты мұғалім көптеген ұрпақтардың білімін игеріп, жинақтап қана қоймайды (интериоризация процесі), сонымен қатар оларды білім беру практикасы барысында оқушыларға береді (экстериоризация процесі). Болашақ мамандардың оқушының көріністерінің алуан түрлілігіне толерантты көзқарасы, «әр түрлі», «басқа» болу құқығын бірлікте тану ретінде вариацияның кең спектрін қабылдау айналадағы адамдарға қатысты зорлық-зомбылықты таңдауды көрсетеді. Сондай-ақ, болашақ мамандардың толеранттылығы ассертивті мінез-құлық формаларын қамтиды, яғни.өз көзқарасын қорғай білуге, мақсатқа жетуге, оқушыға, әріптесіне, олармен кооперативті өзара әрекеттесуге құрмет көрсете білуге негізделген сенімді мінез-құлық. «Демократияландыру барысында педагогикалық істегі прогресс оқушыларды оқыту, тәрбиелеу

процесінде мәжбүрлеу үлесінің төмендеуімен және ондағы басқа құралдардың үлес салмағының артуымен байланысты (оқуға деген ынтаны арттыру, жаңа нәрсені білуге деген ұмтылыс және т.б.)» [11, 296]. Көріп отырғанымыздай, білім беру субъектілерінің өзара әрекеттесуінің толерантты тәсілдері туралы білімдерін, дағдыларын игерудегі төзімділігі оның толерантты қарым-қатынасын жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

Зерттеу барысында біз, болашақ мамандардың толеранттылығы қалыптасқанда баланың жеке басын түсінуі мен көріну мүмкіндігін, оның ерекше қабілеттері мен өзін-өзі көрсету формаларын ашатындығын, болашақ маман ретінде оның рухани-адамгершілік қасиеттерінің, әлеуметтік маңызды потенциалдарының қалыптасуын ынталандыратындығын түсіндік. Болашақ мамандардың толеранттылығы оқушыларды мәдени-адамгершілік тәжірибеге — құрмет, адалдық, ізгілік, адамгершілік, жауапкершілік, ынтымақтастық тәжірибесімен таныстыруға мүмкіндік береді, яғни педагогикалық қызмет барысында маңызды тәрбиелік және дамытушылық функцияларды қамтамасыз етеді. Болашақ мамандардың толеранттылығы оның көзқарастары білім беру процесінің басқа субъектілерінің пікірлерімен сәйкес келмейтін жағдайларда өзектендіріледі және олардың балаға, әріптестеріне, айналасындағы адамдарға, сондай-ақ бүкіл әлемге және өзіне деген құрметін білдіреді.

Қазіргі білім берудің мазмұны «оқушыларды өзара түсіністік, бейбітшілік, толеранттылық, теңдік рухында саналы өмірге дайындауға бағытталуы керек...», - деп көрсетеді отандық педагогтар [13], бұл болашақ мамандардың рухани-адамгершілік қасиеттерін - адамгершілікті, ашықтықты, оның кәсіби және толерантты қарым-қатынасының құрылымындағы төзімділікті көрсетуімен белгілі. Педагогтың толерантты қасиеттердің үштұғырлығын көрсетуі оның шығармашылық өзін-өзі жүзеге асыру арқылы, бірлескен шығармашылық қызметтің өнімдерінде білім беру процесіне қатысушылардың рухани-адамгершілік, мәдени, әлеуметтік дамуына ерекше үлесін жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Педагогикалық практикада бұл әр түрлі пәндер бойынша оқушылардың нақты ауызша немесе пәндік шығармашылық жұмыстарында көрініс табады; балалардың олимпиадаларға, зияткерлік марафондарға, ғылыми жобаларға, концерттерге, спорттық жарыстарға қатысуына, сондай-ақ педагогтың өзінің белсенді кәсіби қызметіне-оның педагогикалық оқуларға, тәжірибе алмасу жөніндегі ғылыми-әдістемелік бірлестіктерге, «президенттік гранттарға», ғылыми жаңалықтарға қатысуына және т. б. Талдаулардан көріп отырғанымыздай, болашақ мамандардың жеке басының толерантты қасиеттері кәсіби тұрғыдан маңызды, оқушыларды тәрбиелеу саласындағы маңызды міндеттерді жүзеге асырудың сәтті болуын, болашақ мамандардың жұмысының адамгершілік мазмұнын анықтайды және білім беру үдерісінің барлық субъектілерінің ынтымақтастығы арқылы жүзеге асырылады.

Қазіргі білім беру жеке тұлғаның жасампаз өмірлік көзқарастарын қалыптастыру, әлеуметтік-экономикалық қатынастарды ізгілендіру, білім беру жүйесінің тұрақты даму механизмін құру саласындағы ынтымақтастықты өзектендіреді. Бүгінгі таңда қоғамға тек бастамашыл, тәуелсіз, жауапты мамандар ғана емес, сонымен қатар қазіргі заманғы адамның әлеуметтік маңызды сипаттамасы ретінде ынтымақтастыққа қабілетті адамдар қажет.

Оқу-тәрбие үдерісінде болашақ мұғалім мен оқушының ынтымақтастығы сенімге негізделген және адамгершіліктің, ашықтықтың, төзімділіктің, эмоционалды тұрақтылықтың, қайырымдылықтың, өзара көмектің, танудың және т.б. көрінісін, яғни болашақ мамандардың толерантты қарым-қатынасына біріктірілген жеке қасиеттердің тұтас кешенін білдіреді. Сонымен, адамгершілік рухани мазмұнның ең жоғары сапасы ретінде болашақ мамандардың оқушылармен бірлесіп құру үдерісінде кәсіби рефлексиясын қамтамасыз етеді, бұл адами критерийлер арқылы осы процесті бағалау, консерватизмді жеңу және балалармен қарым-қатынасты үйлесімділікпен, сүйіспеншілікпен толтыру қабілетінде көрінеді. Болашақ мамандардың ашықтығы білім беру процесіне қатысушылардың бірлескен іс-әрекетін мүмкін етеді, олардың қарым-қатынасы мен әсер алмасуына жағдай жасайды, ал толеранттылық білім беру мәселелерін шешу барысында мұғалім мен оқушылар арасындағы шығармашылық өзара әрекеттестіктің

өміршендігін қолдайды. Осылайша, біздің ойымызша, барлық үш қасиет ынтымақтастықта жүзеге асырылады және мұғалімге толерантты мәдениетті тиімді таратуға мүмкіндік береді.

